

FTAMP 15.41.49

<https://doi.org/10.26577/JPsS20269833>

Р.О. Жолшыбекова^{1*}, **К.М. Нагымжанова¹**,
М. Гювен²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Гази университеті, Анкара, Түркия

*e-mail: roza.zholshybekova@gmail.com

НЕКЕЛІК ҚАТЫНАС САПАСЫН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН АВТОРЛЫҚ ӘДІСТЕМЕНІҢ КОНВЕРГЕНТТІ ВАЛИДТІЛІГІ ЖӘНЕ ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Некелік қатынас сапасы ерлі-зайыптылардың психологиялық салауаттылығы мен отбасының тұрақтылығымен байланысты маңызды психологиялық факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты некелік қатынас сапасын оның көпөлшемді құрылымын ескере отырып кешенді бағалауға мүмкіндік беретін психодиагностикалық құралдарды әзірлеу өзекті болып табылады. Зерттеудің мақсаты – некелік қатынас сапасын бағалауға арналған авторлық әдістеменің бастапқы психометриялық қасиеттерін, оның ішінде ішкі үйлесімділігі мен конвергентті валидтілігін бағалау. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы некелік қатынас сапасын өзара байланысты домендер жүйесі арқылы бағалауға мүмкіндік беретін құралды әзірлеу және оның бастапқы психометриялық апробациясын жүргізумен анықталады. Зерттеуге ресми немесе тұрақты некелік қатынастағы 85 респондент қатысты. Әдістеменің ішкі үйлесімділігі Кронбахтың альфа коэффициенті арқылы, домендердің жалпы көрсеткішпен құрылымдық байланыстары Пирсонның корреляция коэффициенті арқылы бағаланды, ал конвергентті валидтілігі авторлық әдістеме нәтижелерін Revised Dyadic Adjustment Scale (RDAS) нәтижелерімен салыстыру негізінде тексерілді. Зерттеу нәтижелері авторлық әдістеменің ішкі үйлесімділігінің өте жоғары деңгейін көрсетті ($\alpha = 0,96$). Авторлық әдістеме мен RDAS көрсеткіштері арасында күшті оң корреляция анықталды ($r = 0,84$), бұл оның бастапқы конвергентті валидтілігін растайды. Барлық домендер некелік қатынас сапасының жалпы көрсеткішімен айқын байланыс көрсетті; ең жоғары корреляциялар эмоционалдық қауіпсіздік, диалалық копинг, жұптық автономия және интимдік жақындық бойынша анықталды. Зерттеудің құндылығы некелік қатынас сапасын тек интегралдық көрсеткіш арқылы ғана емес, сонымен қатар оның жекелеген құрылымдық компоненттерінің жүйесі арқылы қарастыру мүмкіндігімен айқындалады, бұл қатынастардың салыстырмалы түрде күшті және осал тұстарын анықтауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер авторлық әдістемені кеңейтілген іріктемелерде одан әрі психометриялық валидациялауға негіз болады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы әдістемені ғылыми зерттеулерде, отбасылық психологиялық кеңес беруде, отбасын қолдау орталықтарында және ерлі-зайыптылармен жүргізілетін психологиялық жұмыстың басқа да бағыттарында қолдану мүмкіндігімен байланысты.

Түйін сөздер: отбасы психологиясы, некелік қатынас сапасы, некелік қатынас ұзақтығы, ерлі-зайыптылар, психологиялық салауаттылық, өмірге қанағаттану.

R. Zholshybekova^{1*}, K. Nagymzhanova¹, M. Guven²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Gazi University, Ankara, Turkey

*e-mail: roza.zholshybekova@gmail.com

Convergent validity and psychometric properties of an original instrument for assessing marital relationship quality

Marital relationship quality is regarded as one of the significant psychological factors associated with spouses' psychological well-being and family stability. In this context, the development of psychodiagnostic instruments that enable a comprehensive assessment of marital relationship quality while taking into account its multidimensional structure is particularly relevant. The aim of the study was to evaluate the initial psychometric properties of an author-developed instrument for assessing marital relationship quality, including its internal consistency and convergent validity. The scientific significance of the study lies in the development and initial psychometric evaluation of an instrument that assesses marital relationship quality through a system of interrelated domains. The study involved 85 respondents who were in formal or stable marital relationships. Internal consistency was assessed using Cronbach's alpha

coefficient, structural relationships between the domains and the overall score were evaluated using Pearson's correlation coefficient, and convergent validity was examined by comparing the results of the author-developed instrument with those of the Revised Dyadic Adjustment Scale (RDAS). The results demonstrated a very high level of internal consistency for the author-developed instrument ($\alpha = 0.96$). A strong positive correlation was found between the scores of the author-developed instrument and the RDAS ($r = 0.84$), supporting its initial convergent validity. All domains demonstrated substantial associations with the overall marital relationship quality score, with the strongest correlations observed for emotional security, dyadic coping, couple autonomy, and intimate closeness. The value of the study lies in the possibility of examining marital relationship quality not only through an overall score but also through a system of its individual structural components, thereby allowing relatively strong and vulnerable aspects of relationships to be identified. The findings provide a basis for further psychometric validation of the author-developed instrument in larger samples. The practical significance of the study lies in the potential application of the instrument in scientific research, family psychological counseling, family support centers, and other areas of psychological practice involving married couples.

Keywords: family psychology, marital relationship quality, marriage duration, spouses, psychological well-being, life satisfaction.

Р.О. Жолшыбекова^{1*}, К.М. Нагымжанова¹, М. Гювен²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Университет Гази, Анкара, Турция

*e-mail: roza.zholshybekova@gmail.com

Конвергентная валидность и психометрические свойства авторской методики оценки качества супружеских отношений

Качество супружеских отношений рассматривается как один из значимых психологических факторов, связанных с психологическим благополучием супругов и устойчивостью семьи. В связи с этим актуальной является разработка психодиагностических инструментов, позволяющих комплексно оценивать качество супружеских отношений с учетом его многомерной структуры. Цель исследования – оценить первоначальные психометрические свойства авторской методики оценки качества супружеских отношений, включая ее внутреннюю согласованность и конвергентную валидность. Научная значимость исследования определяется разработкой и первоначальной психометрической апробацией инструмента, позволяющего оценивать качество супружеских отношений посредством системы взаимосвязанных доменов. В исследовании приняли участие 85 респондентов, состоящих в официальных или устойчивых супружеских отношениях. Внутренняя согласованность методики оценивалась с использованием коэффициента альфа Кронбаха, структурные связи доменов с общим показателем – коэффициентом корреляции Пирсона, а конвергентная валидность проверялась путем сопоставления результатов авторской методики с Revised Dyadic Adjustment Scale (RDAS). Результаты показали очень высокий уровень внутренней согласованности авторской методики ($\alpha = 0,96$). Между показателями авторской методики и RDAS выявлена сильная положительная корреляция ($r = 0,84$), подтверждающая ее первоначальную конвергентную валидность. Все домены продемонстрировали выраженные связи с общим показателем качества супружеских отношений; наиболее высокие корреляции установлены для эмоциональной безопасности, диадического копинга, парной автономии и интимной близости. Ценность исследования заключается в возможности рассматривать качество супружеских отношений не только через интегральный показатель, но и через систему его отдельных структурных компонентов, что позволяет выявлять относительно сильные и уязвимые стороны отношений. Полученные результаты создают основу для дальнейшей психометрической валидации авторской методики на расширенных выборках. Практическая значимость исследования связана с перспективой применения методики в научных исследованиях, семейном психологическом консультировании, центрах поддержки семьи и других направлениях психологической работы с супружескими парами.

Ключевые слова: психология семьи, качество супружеских отношений, стаж брачных отношений, супруги, психологическое благополучие, удовлетворенность жизнью.

Кіріспе

Қазіргі кезде отбасы тұлғаның субъективті салауаттылығы мен ішкі үйлесімін қалыптастыратын негізгі әлеуметтік-психологиялық кеңістік ретінде қарастырылады. Отбасы институты бүгінде қарқынды әлеуметтік-мәдени құбылыстар жағдайында өзгерістерге ұшырап жатыр. Некелік қатынастар құрылымының өзгеруі мен ажырасу көрсеткіштерінің артуы некелік қатынас сапасын қарастыру қажеттігін көрсетеді (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы, 2026). Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерінің орын алу көрсеткіштері де отбасы ішіндегі қатынас сапасының маңызын күшейтеді (ҚР Ішкі істер министрлігі, 2025).

Carol Ryff (2014) психологиялық салауаттылықты, ал Ed Diener мен әріптестері (2015) субъективтік әл-ауқатты түсіндіре отырып, сапалы тұлға аралық қатынастардың адамның өмірге қанағаттануы мен психологиялық салауаттылығындағы маңыздылығын көрсетеді. Осы ғылыми тұжырымдарды жинақтай отырып, сапалы некелік қатынасты тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығы мен жалпы салауаттылығының маңызды ресурсы ретінде қарастыруға болады. Murray Bowen (1978) жүйелік теориясында отбасын өзара тәуелді элементтерден тұратын жүйе ретінде қарастыра келіп, серкітестердің өзара әрекеттері жеке психологиялық күйге тікелей әсер ететіндігін айтқан. Позитивті психология парадигмасында зерттеулердің бағыты отбасы мен некедегі мәселелерді сипаттаудан гөрі, олардың тұрақтылығы мен салауаттылығын қамтамасыз ететін ресурстарды анықтауға ауысты (Seligman, 2011). Сондықтан біз де өз зерттеулерімізді назарды неке неге бұзылады емес, қалай сапалы және ұзақ мерзімді, тұрақты некелік қатынастарды орнатуға болатындығын анықтауға аударғымыз келеді.

Ғылыми зерттеулердегі некелік қатынас сапасын бағалау мәселесінде, біздің пікірімізше келесідей 3 негізгі қайшылық бар: оның құрылымдық күрделілігінің толық ашылмауы (интегралды қарау), жұптық табиғаттың жеткілікті ескерілмеуі мен заманауи мазмұнға сай кешенді құралдардың жетіспеушілігі.

Некелік қатынас құрылымына жаңа мазмұндық элемент қосып отырғандардың бірі цифрлық технологиялардың кең таралуы. Бұл ерлі-зайыптылар арасындағы эмоционалдық жақындққа ықпал етіп, назардың жетіспеушілігі

мен эмоционалдық алшақтық құбылысын күшейтуі мүмкін (McDaniel & Coyne, 2016). Әлеуметтік желілердегі әлеуметтік салыстыру үрдісі де жұптардың өз отбасылық өмірлерін сыртқы стандарттармен салыстыруына әсерін тигізді. Мұны Leon Festinger (1954) әлеуметтік салыстыру теориясымен түсіндіруге болады.

Ұлттық статистика бюросының 2025 жыл бойынша соңғы мәліметтері елімізде ажырасу көрсеткіші 45,7 мың болып, оның көбі (74,4%) қалаларда, қалғаны ауылдық өңірлерде (25,6%) тіркелген. Неке ұзақтығы бойынша ажырасу көрсеткішін қарағанда 1-4 жыл некеде тұрғандар үлесі жоғары – 35%, содан кейін 5 – 9 жыл арасындағылар (24%). Бір жыл ішінде ажырасып кеткендер 8% құраған ((ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы, 2026).

Сарапшылардың пікірінше, еліміздегі ажырасудың басты себептері: туыстардың араласуы, мінез-құлықтың сәйкес келмеуі, өзара түсіністіктің болмауы, құндылықтар қайшылығы, опасыздық, зорлық-зомбылық, тәуелділік пен әлеуметтік желілердің (виртуалды қарым-қатынастың шынайы жақындққа зиян тигізуі) әсері (El.kz, 2022).

Елімізде ажырасу көрсеткішінің тұрақты жоғары деңгейде сақталуы және қазақ тіліндегі некелік қатынас сапасын бағалауға арналған психодиагностикалық құралдардың жеткіліксіздігі зерттеу тақырыбының ғылыми және практикалық өзектілігін айқындайды. Осыған байланысты авторлық әдістеме әзірленіп, оның бастапқы психометриялық апробациясы жүргізілді.

Біз жұмыс нысаны ретінде ресми немесе тұрақты некелік қатынаста өмір сүріп жатқан адамдарды алдық. Ал некелік қатынастардың сапалық деңгейі – зерттеу пәні болды. Мақсаты – ерлі-зайыптылар арасындағы некелік қатынас сапасын өлшеуге бағытталған авторлық әдістеменің психометриялық көрсеткіштерін, нақтырақ ішкі үйлесімділігі мен конвергентті валидтілігін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасының сапасын зерттеу бағытындағы теориялық және эмпирикалық еңбектерді зерделеу мен жүйелеу;

2. Некелік қатынас сапасын бағалау мақсатында құрастырған авторлық әдістемеміздің ішкі сәйкестігі мен үйлесімділік көрсеткіштерін айқындау;

3. Авторлық әдістемеміздің нәтижелерінің Revised Dyadic Adjustment Scale (Busby et al., 1995) көрсеткіштерімен байланысын анықтау арқылы конвергентті валидтілікті тексеру;

4. Жинақталған эмпирикалық деректерімізді статистикалық өңдеп, психометриялық көрсеткіштерін интерпретациялау.

Біз зерттеуімізге авторлық әдістемеміздің көрсеткіштері Revised Dyadic Adjustment Scale (RDAS) нәтижелерімен мәнді оң корреляцияланып, конвергентті валидтілік дәлелденеді деген болжам қойдық.

Әдебиеттерге шолу

Некелік қатынас сапасы ерлі-зайыптылардың эмоционалдық жақындық, келісім, өзара қолдау, қанағаттану мен бейімделу деңгейін сипаттайтын көпөлшемді психологиялық құрылым (Spanier, 1976; Busby et al., 1995). Некелік қатынас сапасы жұбайлардың өмірге қанағаттану мен психологиялық салауаттылығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Бірқатар зерттеулерде некедегі қатынас сапасының өмірге қанағаттану мен психологиялық салауаттылықпен байланысы расталған (Proulx et al., 2007; Dush et al., 2008).

Некелік қатынас сапасын ғылыми зерделеуде оның құрылымының күрделігін ескеруіміз қажет. Алғашқы эмпирикалық модельдердің бірі Graham B. Spanier, (1976) ұсынған диадалық бейімделу тұжырымдамасы болып табылады. Ол некелік қатынас сапасын келісім, қанағаттану, үйлесім және аффективті экспресия сияқты өзара байланысқан өлшемдермен сипаттады. Кейін Robert Norton (1983) некелік қатынас құрылымының ішкі ерекшеліктерін интегралдық көрсеткіштер толық ашпайды деп көрсетті.

Қазіргі зерттеулер некелік қатынас сапасының динамикалық сипатын ерекше атап көрсетеді. Jens L. Buhler (2021) некелік қатынасқа қанағаттанудың уақыт бойынша өзгеретіндігін дәлелдеді. Ал James K. McNulty (2021) некелік қатынас сапасы күйзеліс, серіктестер арасындағы өзара әрекет пен бейімделу арқылы қалыптасады деді. Samantha Joel және әріптестері (2020) өз зерттеулерінде қатынас сапасын болжауда тұлғалық ерекшеліктерге қарағанда, қарым-қатынастың өзіне тән көрсеткіштері маңыздырақ екенін анықтады.

Кейінгі зерттеулер цифрлық құбылыстардың некелік қатынасқа әсерін көрсетеді. Brandon T. McDaniel & Sarah M. Coyne (2016) технологияның қарым-қатынасқа араласуы ерлі-зайыптылардың қатынасқа қанағаттануын төмендетуі мүмкін екенін айқындады. Adrian Meier & Brett K. Johnson (2022) әлеуметтік желілердегі салыстыру мен имидждік қысымның психологиялық салауаттылыққа әсерін зерттеді.

Некелік қатынас сапасының тұрақтылығы коммуникация жүргізу мен эмоциялық реттелуге де байланысты. Benjamin R. Karney & Thomas N. Bradbury (1995) некелік қатынас ұзақтығының сақталуы күнделікті стресс пен өзара әрекет процестеріне тәуелді екенін көрсетті. Қатынас сапасының жоғары болуы психологиялық жайлылықпен және депрессивті белгілердің төмен деңгейімен байланысты (Morgan et al., 2024). Сонымен қатар ерлі-зайыптылардың бірлесіп стрессті еңсеруі қатынасқа қанағаттану мен психологиялық бейімделуді арттырады. Диадалық копинг некелік қатынас сапасының маңызды ресурстарының бірі болып табылады (Bodenmann, 2005; Santamaria-Gutierrez et al., 2025). Жүйелі шолуларда да диадалық копингтің психикалық денсаулықпен байланысы көрсетілген (Landolt et al., 2023). Ал John M. Gottman & Robert W. Levenson (2002) зерттеулері тұрақты жұптардың ерекшелігі өзара қақтығыстарды болдырмауында емес, оларды конструктивті түрде реттей алуында екенін айқындаған.

Қазақстандық психологияда да некелік қатынастардың әртүрлі аспектілері зерттелуде. А.Я. Исабаева мен И.Қ. Аманова (2020) отбасы мен неке мәселелерінің психологиялық зерттеулердегі тұрақты бағыттардың бірі екенін атап өтеді. М.П. Кабакова (2015) жұбайлық қатынастардың тұрақтылығын өзара түсіністікпен, эмоциялық жақындықпен және ортақ мағыналық кеңістікпен байланыстырады. А.Р. Мандыкаева және әріптестері (2024) неке адалдығын жұбайлардың өзара сенімі мен қатынас тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды психологиялық факторлардың бірі ретінде сипаттайды. Некелік қатынастың әлеуметтік-мәдени факторлармен байланысын қарастырған еңбектер де бар. Мәселен, А.Б. Валиева және әріптестері (2024) ұлтаралық некедегі ерлі-зайыптыларды зерттей отырып, діни бағдар мен мәдени ерекшеліктердің жұбайлардың өзара қатынасына ықпал ететінін көрсетті.

А.И. Маткаримова мен М.П. Кабакова (2022) өз зерттеулерінде некедегі адамдардың психологиялық денсаулығы, жалпы алғанда, бойдақтарға қарағанда жоғарырақ болатынын, алайда мұндай айырмашылықтың некелік қатынас сапасына тікелей тәуелді екенін негіздейді. Талдауға алынған зерттеулер негізінде некеде болудың психологиялық салауаттылыққа оң ықпалы көбіне некелік қатынас сапасымен байланысты деп болжауға болады.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерді талдау некелік қатынас сапасын көпқырлы, динамикалық және контекстке тәуелді құрылым ретінде қарастыру-

ға негіз береді. Қолданыстағы психодиагностикалық құралдардың басым бөлігі бұл құрылымның жекеленген қырларын ғана бағалап, көбіне интегралды көрсеткіштермен шектеледі. Бұдан бөлек, цифрлық өзара әрекет, әлеуметтік салыстыру және диалалық копинг сияқты заманауи факторлар неке сапасын бағалау құрылымында жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Осы аталғандардың барлығы некелік қатынас сапасын өзара байланысты бірнеше өлшемдер жүйесі арқылы бағалауға арналған әдістемелердің ғылыми негізделуін және олардың конвергентті валидтілігін эмпирикалық тексеруді талап етеді.

Қазіргі таңдағы психометрика саласындағы еңбектер жаңа психодиагностикалық құралдарды құрастыру кезінде олардың валидтілігі мен сенімділігін эмпирикалық жолмен дәлелдеу қажеттілігіне басты назар аударады (DeVellis, 2017). Әсіресе, құрылымы күрделі психологиялық өлшемдермен жұмыс жасағанда, әдістеменің ішкі үйлесімділігі мен конвергентті валидтілікті бағалау зерттеудің сапасын анықтайтын басты талап болып саналады (Boating et al., 2018).

Материалдар мен әдістер

Зерттеу сандық, көлденең дизайнда некелік қатынас сапасын өлшеуге арналған авторлық әдістеменің психометриялық қасиеттерін тексеруге бағытталып жүргізілді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, нысан ретінде некелік қатынастағы ерлі-зайыптылар алынды. Зерттеуге заңды немесе тұрақты некелік қатынастағы N85 респондент ерікті түрде қатысты.

Таңдаманы іріктеу ыңғайлы тәсілмен жүргізіліп, деректер Google Forms платформасы арқылы, анонимді жиналды. Зерттеудің бұл кезеңіндегі мақсат авторлық әдістеменің алғашқы психометриялық қасиеттерін тексеру болғандықтан, әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер кеңейтіліп қамтылмады.

Зерттеу материалы 44 тұжырымнан тұратын авторлық әдістеме мен 14 тұжырымнан тұратын RDAS әдістемесінің жауаптарынан жиналды.

Зерттеу сұрақтары:

- 1) авторлық әдістеменің ішкі үйлесімділігінің қаншалықты екенін анықтау;
- 2) оның нәтижелері RDAS көрсеткіштерімен қалай корреляцияланады;
- 3) некелік қатынас сапасын өлшеудегі біз алып отырған домендік құрылым қаншалықты байқалады.

4) осы таңдамадағы зерттелушілердің некелік қатынас сапасының деңгейі мен ерекшеліктерін анықтау.

Біздің болжамымыз: авторлық әдістеме көрсеткіштері RDAS нәтижелерімен мәнді оң корреляцияланады, осының негізінде конвергентті валидтілік дәлелденеді.

Авторлық әдістеме некелік қатынас сапасын көпөлшемді құрылым ретінде қарастыруға құрылған 11 доменнен (әр доменде 4 тұжырымнан) тұрады. Олар: өзара сыйластық, ортақ мақсат және мағына, эмоционалдық қауіпсіздік, диалог және татуласу, тұлғалық автономия, құрылымдық келісім, цифрлық жүріс-тұрыс, әлеуметтік имидж және салыстыру, жұптық автономия, диалалық копинг, интимдік жақындық.

Әр доменде некелік қатынастың позитивті және негативті жақтарының индикаторлары қарастырылған. Бұл некелік қатынастың ресурстық және қатерлік жақтарын қатар анықтауға жақсы мүмкіндік береді. Жаңа әдістеменің ерекшелігі некелік қатынас сапасының интегралдық көрсеткішін анықтап қана қоймай, ішкі құрылымының сипатын домендер жүйесі арқылы көрсетеді.

Негативті тұжырымдар деректерді өңдеу барысында кері кодталды. Домендер бойынша орта көрсеткіштермен қатар, жалпы некелік қатынас сапасының индексі анықталды. Әдістеменің ішкі үйлесімділігі Кронбахтың альфа коэффициенті (α) арқылы анықталды. Конвергентті валидтілік Пирсонның корреляция коэффициенті (r) көмегімен бағаланды. Статистикалық талдау Microsoft Excel бағдарламасында жүргізілді.

Зерттеу келесідей кезеңдермен жүргізілді:

1. Әдістемені әзірлеу

Авторлық әдістеме теориялық модельдеу, соңғы жылдардағы осы тақырып бойынша ғылыми жариялымдарды және алғашқы пилоттық зерттеу (N52) нәтижелерін талдау, кешенді қарастыру негізінде дайындалды. Әдістеменің құрылымы классикалық неке теориялары мен кейінгі зерттеулерде ұсынылған тұжырымдамаларды ұштастыру негізінде әзірленді. Некелік қатынас ұзақтығы әртүрлі ерлі-зайыптылардың қатысуымен жүргізілген пилоттық зерттеуде респонденттер өзара сыйластықты, ортақ мақсаттарды және эмоциялық жақындықты некелік өмірдің маңызды құрамдас бөліктері ретінде бағалады. Осыған байланысты аталған сипаттамаларды қамтитын домендер әдістеменің негізгі құрылымына енгізілді. Сонымен қатар цифрлық кеңістіктегі жүріс-тұрыс пен әлеуметтік салыстыру (имидж) некелік қатынас сапасына ықпал

ететін жаңа факторлардың бірі ретінде қарастырылып, әдістеме құрылымына енгізілді.

Әдістменің сапасын жақсарту мақсатында оның мазмұны бірнеше сараптамадан өткізілді. Ең бірінші 3 респондентке оқылу арқылы тұжырымдардың түсініктілігі мен мағыналық айқындылығы тексерілді. Осының негізінде тұжырымдар мазмұнының респонденттермен біrmәнді қабылданылуы анықталды.

Келесі кезеңде әдістеме әдіснамалық сараптамадан өтіп, оның теориялық негізділігі, мазмұндық валидтілігі мен терминологиялық дәлдігі жоғары бағаланды. Әсіресе, цифрлық жүріс-тұрыс пен әдеуметтік салыстыру домендерін енгізу жаңашылдығы, жалпы алғанда әдістеменің тілдік-мәдени контекстегі және практикалық құндылығы оң бағалауға ие болды.

Психодиагност – сарапшы жекеленген тұжырымдарды айқындау мен бір доменге толықтыру енгізуге ұсыныстар берді. Ұсыныстар негізінде әдістемедегі тұжырымдар қайта қаралып, шкала форматына мейлінше жақындатылды. Қайта өңделген нұсқа тағы екі сарапшының сараптамасынан өтті. Жүргізілген сараптамалар әдістеменің ғылыми – диагностикалық талаптарға сай әзірленгендігін көрсетті. Әрі қарай әдістеме эмпирикалық валидизациядан өтуге ұсынылды.

2. Деректерді жинау

Зерттеу деректері авторлық әдістеме мен стандартталған психодиагностикалық шкалаларды қамтитын онлайн сауалнама арқылы жиналды; қатысушылар ерікті және анонимді түрде іріктелді.

3. Статистикалық өңдеу және интерпретация

Алынған деректер статистикалық талдаудан өткізіліп, әдістеменің ішкі үйлесімділігі мен конвергентті валидтілігі бағаланды және нәтижелер интерпретацияланды.

Конвергентті валидтілікті тексеру үшін стандартталған Revised Dyadic Adjustment Scale (RDAS) әдістемесі қолданылды. RDAS некелік бейімделу мен қанағаттануды өлшейді, халықаралық зерттеулерде оның валидтілігі жоғары дәлелденген әдістеме.

Нәтижелер және талқылау

Авторлық әдістеменің ішкі үйлесімділігі Кронбахтың альфа коэффициенті арқылы келесі формула бойынша есептелді:

$$\alpha = \frac{k}{k-1} \left(1 - \frac{\sum \sigma_i^2}{\sigma_{total}^2} \right)$$

Мұнда $k = 44$ тармақтар саны;

$\sum \sigma_i^2 = 57.31$ – жекелеген тармақтар дисперсияларының қосындысы;

$\sigma_{total}^2 = 923.24$ – жалпы шкала дисперсиясы.

Есептеу нәтижесінде:

$\alpha = 0.96$

Біз алған мән шкала тармақтарының жоғары деңгейде өзара үйлесімді екенін (1-кесте) көрсетеді. Бұл әдістеменің біртұтас психологиялық құрылымды, яғни некелік қатынас сапасын өлшейтінін білдіреді.

1-кесте

Кронбахтың альфа коэффициенті бойынша авторлық әдістеменің ішкі үйлесімділік көрсеткіштері

Көрсеткіш	Мәні
k	44
$\sum \sigma_i^2$	57.31
σ_{total}^2	923.24
α	0.96

Ескертпе: α – Кронбахтың альфа коэффициенті. $\alpha = 0.96$ мәні әдістеме тармақтарының ішкі үйлесімділігінің жоғары деңгейін көрсетеді

Ішкі үйлесімділік коэффициентінің $\alpha = 0.96$ мәні психометриялық критерийлер бойынша өте жоғары деңгейге сәйкес келеді ($\alpha \geq 0.90$). Бұл әдістеме тармақтарының мазмұндық жағынан бір бағытта жұмыс істейтінін көрсетеді. Мұндай жоғары ішкі үйлесімділік әдістеме тармақтарының ортақ конструктіні өлшеуге бағытталғанымен түсіндірілуі мүмкін. Өлшеу қатесінің төмен болуы және дисперсия арақатынасының ($57.31/923.24 \approx 0.062$) төмен мәні тармақтардың өзара жоғары деңгейде байланысатынын дәлелдейді. Бұл әдістеменің ішкі тұтастығын күшейтетін көрсеткіш болып табылады және болашақта оның ықшамдалған нұсқасын әзірлеуге негіз болады.

Келесі қадамда әдістеменің құрылымдық валидтілігін тексердік. Ол үшін Пирсон корреляциясы арқылы әрбір доменнің жалпы шкала индексімен байланысын есептедік.

$$r = \frac{\sum (x - \bar{x})(y - \bar{y})}{\sqrt{\sum (x - \bar{x})^2 \cdot \sum (y - \bar{y})^2}}$$

мұндағы:

x – домен көрсеткіштері

y – жалпы шкала көрсеткіші

$\bar{x}$, $\bar{y}$ – сәйкес орташа мәндер.

Авторлық әдістеменің құрылымдық көрсеткіштерін есептеу нәтижесінде алған көрсеткіштеріміз 2-кестеде берілген.

2-кесте

Авторлық әдістеме домендерінің жалпы баллмен корреляция көрсеткіштері

Домендер	r
D1. Өзара сыйластық	0.74
D2. Ортақ мақсат және мағына	0.80
D3. Эмоционалдық қауіпсіздік	0.89
D4. Диалог және татуласу	0.84
D5. Тұлғалық автономия	0.70
D6. Құрылымдық келісім	0.84
D7. Цифрлық жүріс-тұрыс	0.83
D8. Әлеуметтік салыстыру	0.80
D9. Жұптық автономия	0.86
D10. Диалалық копинг	0.87
D11. Интимдік жақындық	0.85

Ескертпе: r — Пирсонның корреляция коэффициенті; көрсеткіштер әрбір домен бойынша алынған балл мен авторлық әдістеменің жалпы баллы арасындағы корреляциялық байланысты сипаттайды

Барлық домендердің жалпы шкаламен байланысының жоғары екендігін анықтадық ($r=0.69-0.89$). Бұл әдістеменің барлық өлшемдерінің біртұтас құрылымға кіретіндігін көрсетеді. Әр доменнің жалпы некелік қатынас сапасын сипаттауға үлес қосатынын деделдейді. Мұндай нәтиже барлық домендердің некелік қатынас сапасының өзара байланысты аспектілерін сипаттауымен түсіндірілуі мүмкін.

Некелік қатынас сапасының ортақ көрсеткішімен ($M = 166+.35$) ең жоғары корреляцияны эмоционалдық қауіпсіздік ($r = 0.89$) пен диалалық копинг ($r = 0.87$) көрсетті. Сондай-ақ жұптық автономия ($r = 0.86$) мен интимдік жақындық ($r = 0.85$) домендерінің де жоғары корреляциясы байқалды. Некелік қатынас сапасының құрылымда осы жоғары байланыс көрсеткен домендер орталық рөл атқаруы мүмкін.

Салыстырмалы түрде төмен мәнді ($r = 0.70$) тұлғалық автономия домені көрсетті. Бұл оның жалпы құрылымға кіретін, бірақ мазмұндық жағынан дербес компонент екенін білдіреді. Тұлғалық автономия доменінің байланыс мәнінің тө-

мендеу болуы неке ішіндегі жеке тұлғалық және жұптық кеңістіктің өзара күрделі байланысын көрсетуі мүмкін.

Конвергентті валидтілік (RDAS). Авторлық әдістеменің конвергентті валидтілігі RDAS әдістемесінің көрсеткіштерімен салыстыру арқылы бағаланды. RDAS бойынша таңдаманың орташа көрсеткіші $M = 53.56$ (ең жоғары мәні – 70) болды, бұл некелік қатынас сапасының ортадан жоғары деңгейін сипаттайды. Авторлық әдістеме бойынша орташа көрсеткіш $M = 166.35$ (ең жоғары мәні – 220) болды. Екі әдістеменің көрсеткіштерін салыстыру мақсатында нормализациялау жүргізілді. Соның нәтижесінде RDAS бойынша орташа мән 76.5%, ал авторлық әдістеме бойынша 75.6% болды. Орташа мәндердің өзара жақындығы екі әдістеменің бір конструктіні ұқсас деңгейде бағалайтынын аңғартады.

Авторлық әдістеменің сыртқы валидтілігін Пирсон корреляциясы арқылы тексердік. Есептеу көрсеткіші 3-кестеде берілген.

3-кесте

Авторлық әдістеме мен RDAS арасындағы корреляция көрсеткіші

Көрсеткіш	r
Авторлық әдістеме – RDAS	0.84

Ескертпе: $r = 0.84$ корреляциясы авторлық әдістеме мен RDAS арасындағы жоғары сәйкестікті көрсетті

Біз анықтаған $r = 0.84$ корреляциясы авторлық әдістеме мен RDAS арасындағы жоғары сәйкестікті көрсетті. Психометрика бойынша еңбектерде мұндай байланыс конвергентті валидтіліктің маңызды дәлелдерінің бірі ретінде қарастырылады (DeVellis, 2017; Boateng et al., 2018). Сондықтан алынған нәтиже авторлық әдістеменің бастапқы конвергентті валидтілігін қолдайды.

RDAS бойынша зерттелушілердің орташа көрсеткіші $M=53.56$ – формальді түрде некелік қатынас сапасының орта деңгейіне жатады. Яғни жалпы алғанда некелік қарым-қатынас тұрақты және қанағаттанарлық. Кейбір аспектілерде қайшылықтардың болуы мен толық емес бейімделу байқалады. Қатынаста ішінара келісім, орташа қанағаттану, эмоционалдық байланыс сақталғанымен, сыртқы стресс факторлары әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ орташа мәnnің жоғары дегей шегіне жақындығы мен категориялық талдау қа-

тынас сапсының орташадан жоғары екенін көрсетті. Респонденттердің 55.2% – жоғары, 22.4% орташа және 22.4% төмен деңгейді берді. Зерттелушілердің көп бөлігінде некелік қатынасқа бейімделу, өзара келісім мен қанағаттану жақсы қалыптасқан деуге болады. Дегенмен төмен деңгейдегі көрсеткіштердің болуы (22.4%) кейбір зерттелушілердің жұптарында диадалық реттелудің әлсіз екендігін көрсетеді. Өйткені RDAS ерлі-зайыптылардың өзара үйлесімі мен қанағаттануының, яғни некелік қатынастың функционалдық күйін кешенді сипаттайды (Busby et al., 1995).

Авторлық әдістеме бойынша да некелік қатынас сапасы осы таңдамада орта деңгейде анықталғанын ($M=166.35$) жоғарыда айтқанбыз, Орта деңгей қатынастың функционалды болғанымен, құрылымдық компоненттерінің біркелкі дамымағандығын білдіреді. Сонымен қоса ресурс-қатер теңгерімінің сақталмағандығын байқатады. Категориялық талдау нәтижесінде некелік қатынас сапасы зерттелушілердің 48.2% да жоғары, 42.4% орташа және 9.4% тө-

мен болып анықталды. Жоғары деңгей әдістеме бойынша некелік қатынастың интеграцияланған әрі ресурстық жүйе ретінде қалыптасқанын сипаттайды. Орта деңгей жекеленген домендерде осал тұстардың бар екенін көрсетеді. Ал төмен деңгей қатер факторларының басымдығын және құрылымдық үйлесімнің бұзылуын сипаттайды. Екі әдістеме бойынша да төмен нәтиже көрсеткен репонденттердің бар екендігі анықталды. Олардың некелік қатынастарында қиындықтары бар, қатер аумағында тұр және көмекті қажет етуі мүмкін деп айтуға болады.

RDAS бойынша жоғары деңгейдегі респонденттердің үлесі (55.2%) авторлық әдістемеге қарағанда (48.2%) сәл жоғары болды. Мұны әдістеменің некелік қатынасты жалпы қанағаттану мен бейімделу тұрғысынан өлшеуімен түсіндіреміз. Ал авторлық әдістемеді онымен салыстырғанда орта деңгейдің жоғары болуы (42.4%) некелік қатынастың құрылымдық компоненттерінің біркелкі дамымағандығын көрсетеді. Алынған салыстырмалы мәліметтерді төмендегі 4-кестеден нақтырақ көруге болады.

4-кесте

Некелік қатынас деңгейлерінің RDAS құралы мен авторлық әдістеме бойынша көрсеткіштері

Деңгей	RDAS (n85)	RDAS (%)	Авторлық (n85)	Авторлық (%)
төмен	19	22.4%	8	9.4%
орта	19	22.4%	36	42.4%
жоғары	47	55.2%	41	48.2%

Ескертпе: некелік қатынас сапасының төмен, орта және жоғары деңгейлері RDAS және авторлық әдістеме бойынша бөлек анықталды

Осы нәтижелерден байқайтынымыз, RDAS некелік қатынастың жалпы субъективті сипатын айқындаса, біз ұсынған авторлық әдістеме оның ішкі құрылымының қаншалықты күрделілі екенін байқатады. Сол арқылы ол некелік қатынас құрылымындағы күшті және салыстырмалы әлсіз жақтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Ұйымдастырылған зерттеу жұмысының барысында авторлық әдістеме құрылымындағы домендердің қалай көрінетінін және некелік қатынас сапасын өлшеудегі өзіндік ерекшеліктерін айқындадық. Домендер бойынша табылған ор-

таша көрсеткіштер (M) 14-16 балл шегінде (максимум 20) болды. Әрбір өлшемнің жеке мәндерін 5-кесте мен 1-суреттен көре аламыз ($N=85$).

Қарастырылып отырған барлық домендер бойынша көрсеткіштердің орташа деңгейден жоғары болуы зерттелген таңдамада некелік қатынас сапасының жеткілікті деңгейде қалыптасқанын көрсетеді. Сонымен қатар домендер бойынша орташа көрсеткіштердің бір-біріне жақын болуы некелік қатынас сапасының жеке-леген қырларының өзара байланыста қалыптасуымен түсіндірілуі мүмкін.

4-кесте

Некелік қатынас сапасын бағалауға арналған авторлық әдістеме домендерінің орташа мәндері

Домендер	M
D1. Өзара сыйластық	14.82
D2. Ортақ мақсат және мағына	15.54
D3. Эмоционалдық қауіпсіздік	15.25
D4. Диалог және татуласу	14.64
D5. Тұлғалық автономия	14.35
D6. Құрылымдық келісім	14.61
D7. Цифрлық жүріс-тұрыс	15.35
D8. Әлеуметтік салыстыру	14.84
D9. Жұптық автономия	16.30
D10. Диадалық копинг	15.70
D11. Интимдік жақындық	14.90


Ескертпе: M – әрбір домен бойынша алынған орташа арифметикалық мән

Мұндай нәтиже қарастырылып отырған таңдамадағы респонденттердің ерлі-зайыптылар ретінде өз жұптық шекарасын сақтай алатын және қатынасты «Біз» деңгейінде ұстайтын жүйе құрғанын көрсетеді. Олардың жақын адамдардың (жақын туыс, достар) жұбайлық өмірлеріне араласуынан қорғалғандарын білдіруі мүмкін. Қазақстандағы ажырасудың басты себептерінің бірі ретінде әлеуметтік сауалнамалар қорытындысы бойынша «туыстардың араласуы» анықталған болатын (El.kz, 2022). Бірлікті сезінудің («Біз») яғни жүйелік дифференциацияның қалыптасуы отбасы беріктігіне оң әсер етеді.

Диадалық копингтің жоғары көрсеткіші (M=15.7) жұптардың стресс жағдайында жеке дара емес, бірлесіп әрекет етуге бейім екенін көрсетеді. Бұл некелік қатынастың тек эмоциялық қанағаттану емес, стресстік жағдайларды бірге еңсеру арқылы сақталатынын білдіреді және қазіргі зерттеулермен үйлеседі (Bodenmann, G., et al. 2023).

1-сурет

Некелік қатынас сапасын айқындайтын домендердің құрылымдық көрінісі



Ескертпе: Домендер арасында жұптық автономия көрсеткіші ең жоғары орташа мәнге ие (M=16.3)

Басқаларымен салыстырғанда ортақ мақсат мен мағына домені де жоғары мәнге ие болуы (M=15.54) қатынастың құндылықтық деңгейде ұйымдасқанын көрсетеді. Яғни бір бағытқа тоғысқан ортақ мақсаттар мен құндықтар бар. Бұл тұрақты некелердегі ортақ мағына мен конструктивті өзара әрекеттесудің маңызын көрсеткен зерттеулермен үйлеседі (Gottman, J. M., & Levenson, R. W., 2000). Біздің алдыңғы жүргізген пилоттық зерттеуімізде де (N52) респонденттер некелік өмірдегі ортақ мақсаттардың маңызды-

лығын бастылардың бірі ретінде көрсеткен болатын.

Салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштер тұлғалық автономия (M=14.35), диалог пен татуласу (M=14.64) және құрылымдық келісім (M=14.51) домендерінде шықты. Бұл нәтижелер кейбір ерлі-зайыптыларда жеке шекараның сақталуында, қақтығыстық жағдайларда ашық әрі конструктивті коммуникация жүргізуде қиындықтары бар екенін көрсетеді. Сондай-ақ кейбіреулерінде некедегі маңызды тұрмыстық аумақта отбасылық міндеттер

мен жауапкершіліктерді бөлуде де келіспеушіліктер бар. Яғни жалпы алғанда некелік қатынас функционалды болғанымен, жекеленген құрылымдық жақтарында осал тұстары бар.

Өзара сыйластық ($M=14.82$), әлеуметтік салыстыру ($M=14.84$), интимдік жақындық ($M=14.9$), эмоционалдық қауіпсіздік ($M=15.25$) және цифрлық жүріс-тұрыс ($M=15.35$) домендері бойынша көрсеткіштер орташа деңгейде шоғырланды. Алынған мәліметтер ерлі-зайыптылар арасында эмоционалдық қолдау, сыйластықтың жалпы қалыптасқандығын және цифрлық кеңістікке қатысты келісімнің бар екендігін аңғартады. Сонымен қатар, анықталған орта мәндер осы аспектілерде әлі де болса тұрақты және толық үйлесімнің қалыптаспағандығын білдіреді.

Домендер арасынан байқалған өзгешеліктер некелік қатынас сапасының біртекті емес, көпқұрылымды жүйе екендігіне дәлел болады. Некелік қатынастың ішкі тұрақтылығы мен беріктігі ең алдымен жұптық бірліктің («Біз» сезімінің) қалыптасуымен байланысты және көбіне жұптың қиындықты бірге еңсеруіне, бірлескен әрекеті, мағына мен ортақ мақсаттарына сүйенетіндігі анықталды. Ал сыналушылардың некелік қатынастарының әлсіз тұстары негізінен тұлғалық шекара мен құрылымдық (тұрмыстық) келісім аспектілерінен анықталды. Аталған аспектілер ресурс пен қатер тұрғысынан назар аудару мен жақсартуды талап етеді.

Қорытынды

Авторлық әдістеменің бастапқы психометриялық апробациясы оның жоғары ішкі үйлесімділігін көрсетті ($\alpha = 0.96$). Домендер мен жалпы шкала арасындағы жоғары корреляциялар әдістеменің барлық өлшемдерінің біртұтас конструкторіні – некелік қатынас сапасын – сипаттайтынын байқатады. Авторлық әдістеме мен RDAS арасындағы күшті оң байланыс ($r = 0.84$) оның бастапқы конвергентті валидтілігін қолдайды.

Зерттелген таңдамада некелік қатынас сапасының жалпы деңгейі ортадан жоғары болды. RDAS нәтижелері респонденттердің басым бөлігінде некелік қатынастағы келісімнің, қанағаттанудың және өзара жақындықтың жеткілікті қалыптасқанын көрсетті. Авторлық әдістеме бойынша жүргізілген домендік және корреляциялық талдау эмоционалдық қауіпсіздік, диалалық копинг, жұптық автономия және интимдік жақындықтың некелік қатынас сапасының негізгі құрамдас бөліктері еке-

нін көрсетті. Сонымен қатар жұптық автономия, диалалық копинг, ортақ мақсаттар мен мағына домендері бойынша орташа мәндердің жоғары болуы олардың некелік қатынас жүйесіндегі маңызды орнын көрсетеді. Сонымен бірге жекелеген домендердегі айырмашылықтар жалпы оң бағаланған некелік қатынастың өзінде де әлсіз тұстар кездесуі мүмкін екенін аңғартады. Бұл некелік қатынас сапасын көпөлшемді жүйе ретінде бағалаудың маңызын айқындайды.

Зерттеу нәтижелері некелік қатынас сапасының ресурстар мен қатерлердің өзара ықпалы арқылы қалыптасатын көпқырлы құрылым екенін көрсетті. RDAS ерлі-зайыптылардың жалпы бейімделу деңгейін сипаттаса, авторлық әдістеме некелік қатынастың жекелеген құрылымдық компоненттерін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл оның психологиялық кеңес беру барысында қолдауды қажет ететін қырларды нақтылаудағы практикалық маңызын арттырады.

Алынған нәтижелер авторлық әдістемені отбасы және неке психологиясы саласындағы психодиагностикалық жұмыста, отбасылық кеңес беру тәжірибесінде, отбасыны қолдау орталықтары мен медиация қызметінде некелік қатынас сапасын бағалау құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулер авторлық әдістеменің толық психометриялық валидациясын жүргізуге және оны кеңейтілген іріктеме-лерде тексеруге бағытталады.

Зерттеудің шектеулері

Зерттеудің бірқатар шектеулерін атап өткен жөн. Бұл жұмыс авторлық әдістеменің бастапқы психометриялық апробациясына арналғандықтан, талдау салыстырмалы түрде шағын іріктемеде жүргізілді. Сонымен қатар деректер онлайн форматта жиналды, бұл нәтижелерді жалпылауға белгілі бір дәрежеде ықпал етуі мүмкін. Зерттеудің келесі кезеңдерінде әдістеменің тест-ретест сенімділігін, факторлық құрылымын және өзге де психометриялық қасиеттерін кеңейтілген іріктемеде бағалау жоспарлануда.

Авторлардың үлесі:

Жолишыбекова Роза Ордабековна: мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, әдістеме әзірлеу, зерттеу жүргізу, нәтижелерді талдау мен түсіндіру.

Нағымжанова Қарақат Мукашовна: ғылыми жекешілік, бақылау, мәтінді редакциялау және толықтыру.

Гювен Мехмет: ғылыми жетекшілік, тұжырымдама жасау.

References

- Boateng, G. O., Neilands, T. B., Frongillo, E. A., Melgar-Quinonez, H. R., & Young, S. L. (2018). Best practices for developing and validating scales for health, social, and behavioral research: A primer. *Frontiers in Public Health*, 6, Article 149. <https://doi.org/10.3389/fpubh.2018.00149>
- Bodenmann, G. (2005). Dyadic coping and its significance for marital functioning. In T. A. Revenson, K. Kayser, & G. Bodenmann (Eds.), *Couples coping with stress: Emerging perspectives on dyadic coping*. American Psychological Association. 33–49. <https://doi.org/10.1037/11031-002>
- Bowen, M. (1978). *Family therapy in clinical practice*. Jason Aronson.
- Buhler, J. L., Krauss, S., & Orth, U. (2021). Development of relationship satisfaction across the life span: A systematic review and meta-analysis. *Psychological Bulletin*, 147(10), 1012–1053. <https://doi.org/10.1037/bul0000342>
- Busby, D. M., Christensen, C., Crane, D. R., & Larson, J. H. (1995). A revision of the Dyadic Adjustment Scale for use with distressed and nondistressed couples. *Journal of Marital and Family Therapy*, 21(3), 289–308. <https://doi.org/10.1111/j.1752-0606.1995.tb00163.x>
- DeVellis, R. F. (2017). *Scale development: Theory and applications* (4th ed.). Sage Publications.
- Diener, E., Oishi, S., & Lucas, R. E. (2015). National accounts of subjective well-being. *American Psychologist*, 70(3), 234–242. <https://doi.org/10.1037/a0038899>
- Dush, C. M. K., Taylor, M. G., & Kroeger, R. A. (2008). Marital happiness and psychological well-being across the life course. *Family Relations*, 57(2), 211–226. <https://doi.org/10.1111/j.1741-3729.2008.00495.x>
- El.kz. (2022). Qazaqstandagy azhyrasudyn basty sebebi anyqtaldy [The main cause of divorce in Kazakhstan has been identified]. https://el.kz/qazaqstandagy-azhyrasudyn-basty-sebebi-anyqtaldy_56132/
- Festinger, L. (1954). A theory of social comparison processes. *Human Relations*, 7(2), 117–140. <https://doi.org/10.1177/001872675400700202>
- Gottman, J. M., & Levenson, R. W. (2002). A two-factor model for predicting when a couple will divorce: Exploratory analyses using 14-year longitudinal data. *Family Process*, 41(1), 83–96. <https://doi.org/10.1111/j.1545-5300.2002.40102000083.x>
- Isabaeva, A. Y., & Amanova, I. K. (2020). Analiz issledovaniy problem sem'i i braka v psihologicheskoy nauke [Analysis of research of problems of family and marriage in psychological science]. *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya Psikhologiya*, 62(1), 112–118. <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.16>
- Joel, S., Eastwick, P. W., Allison, C. J., Arriaga, X. B., Baker, Z. G., Bar-Kalifa, E., ... & Wolf, S. (2020). Machine learning uncovers the most robust self-report predictors of relationship quality across 43 longitudinal couples studies. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 117(32), 19061–19071. <https://doi.org/10.1073/pnas.1917036117>
- Kabakova, M. P. (2015). Psihologicheskie aspekty stabilizatsii supruzheskih otnoshenij [Psychological aspects of stabilization of marital relations]. *Qazaq Universiteti*.
- Karney, B. R., & Bradbury, T. N. (1995). The longitudinal course of marital quality and stability: A review of theory, methods, and research. *Psychological Bulletin*, 118(1), 3–34. <https://doi.org/10.1037/0033-2909.118.1.3>
- Landolt, S. A., Weitkamp, K., & Roth, M. (2023). Dyadic coping and mental health in couples: A systematic review. *Clinical Psychology Review*, 102, Article 102344. <https://doi.org/10.1016/j.cpr.2023.102344>
- Mandykaeva, A. R., Alimbaeva, R. T., Zhanserikova, D. A., & Kapbasova, G. B. (2024). Neke adaldygyyn buzudy zertteu [Research on adultery]. *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series*, 146(1), 293–303. <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-293-303>
- Matkarimova, A.I., & Kabakova, M.P. (2021). Empiricheskoe issledovanie psihologicheskogo zdor'ya lic, sostoyashchih i ne sostoyashchih v brake [An empirical study of the psychological health of married and unmarried persons]. *The Journal of Psychology and Sociology*, 76(1), 48–57. <https://doi.org/10.26577/JPsS.2022.v80.i1.06>
- McDaniel, B. T., & Coyne, S. M. (2016). “Technoference”: The interference of technology in couple relationships and implications for women’s personal and relational well-being. *Psychology of Popular Media Culture*, 5(1), 85–98. <https://doi.org/10.1037/ppm0000065>
- McNulty, J. K., Meltzer, A. L., Neff, L. A., & Karney, B. R. (2021). How both partners’ individual differences, stress, and behavior predict change in relationship satisfaction: Extending the VSA model. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 118(27), Article e2101402118. <https://doi.org/10.1073/pnas.2101402118>
- Meier, A., & Johnson, B. K. (2022). Social comparison and envy on social media: A critical review. *Current Opinion in Psychology*, 45, Article 101302. <https://doi.org/10.1016/j.copsyc.2022.101302>
- Morgan, P. C., Wittenborn, A. K., Morlan, G. L., & Snyder, R. (2024). Emotion regulation difficulties as a mediator between relationship satisfaction predicting depressive symptom trajectories among couples in couple therapy. *Behavioral Sciences*, 14(12), Article 1215. <https://doi.org/10.3390/bs14121215>
- Norton, R. (1983). Measuring marital quality: A critical look at the dependent variable. *Journal of Marriage and Family*, 45(1), 141–151. <https://doi.org/10.2307/351302>
- Proulx, C. M., Helms, H. M., & Buehler, C. (2007). Marital quality and personal well-being: A meta-analysis. *Journal of Marriage and Family*, 69(3), 576–593. <https://doi.org/10.1111/j.1741-3737.2007.00393.x>
- Qazaqstan Republicasy Ishki Ister Ministriligi. (2025). Qazaqstannyn qai onirinde turmystyq zorlyq-zombylyqqa zhii shagymdanady [Which regions of Kazakhstan most frequently report domestic violence]. <https://kaz.zakon.kz/kogam-tynysy/6057060-azastanny-ay-rnde-trmysty-zorlyzombyly-zhi-shaymdanady.html>

- Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq Josparlau zhane Reformalar Agenttigi Ulttyq Statistika Burosy. (2026). 2025 zhylgy nekelesu men azhyrasu [Marriage and divorce in 2025]. <https://stat.gov.kz/news/2025-zhyl-y-nekelesu-men-azhyrasu/>
- Ryff, C. D. (2014). Psychological well-being revisited: Advances in the science and practice of eudaimonia. *Psychotherapy and Psychosomatics*, 83(1), 10–28. <https://doi.org/10.1159/000353263>
- Santamaria-Gutierrez, R., Martinez-Corredor, S., González-Sala, F., & Lacomba-Trejo, L. (2025). Relevance of positive dyadic coping for couples undergoing assisted reproduction treatments: A systematic review. *Journal of Marital and Family Therapy*, 51, Article e70016. <https://doi.org/10.1111/jmft.70016>
- Seligman, M. E. P. (2011). *Flourish: A visionary new understanding of happiness and well-being*. Free Press.
- Spanier, G. B. (1976). Measuring dyadic adjustment: New scales for assessing the quality of marriage and similar dyads. *Journal of Marriage and Family*, 38(1), 15–28. <https://doi.org/10.2307/350547>
- Valieva, A. B., Aitysheva, A. M., & Uruzbaeva, G. T. (2024). Ultaralyq nekede turatyn arturli dini bagdardagy erli-zaiptylardyn qarym-qatynas erekshelekteri [Peculiarities of relations between spouses with different types of religious orientation in an interethnic marriage]. *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series*, 149(4), 368–377. <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-149-4-368-378>

Авторлар туралы мәлімет:

Жолшыбекова Роза Ордабекқызы (корреспонденттік автор) – психология білім беру бағдарламасының 3-курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: roza.zholshybekova@gmail.com).

Нагымжанова Қарақат Мұқашқызы – педагогика ғылымдарының докторы, психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: enu.psychologists@gmail.com).

Гювен Мехмет – PhD, психологиялық кеңес және бағдар беру кафедрасының профессоры, Гази университеті (Анкара, Түркия, e-mail: mehmetguven@gazi.edu.tr).

Information about the authors:

Zholshybekova Roza (corresponding author) – 3rd -year PhD Student in Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: roza.zholshybekova@gmail.com).

Nagymzhanova Karakat – doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: enu.psychologists@gmail.com).

Guven Mehmet – PhD, Professor, Department of Psychological Counseling and Guidance, Gazi University (Ankara, Turkey, e-mail: mehmetguven@gazi.edu.tr).

Сведения об авторах:

Жолшыбекова Роза Ордабековна (автор-корреспондент) – докторант 3 курса образовательной программы «Психология», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: roza.zholshybekova@gmail.com).

Нагымжанова Каракат Мукашовна – доктор педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры психологии Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: enu.psychologists@gmail.com).

Гювен Мехмет – PhD, профессор кафедры психологического консультирования и ориентации, Университет Гази (Анкара, Турция, e-mail: mehmetguven@gazi.edu.tr).

Келіп түсті: 23 қаңтар 2026 жыл

Қабылданды: 19 мамыр 2026 жыл